

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ



№ 013 Б А С П А С Ө З - Р Е Л И З І
2005 жылғы 7 сәуір

**Қазақстанның қымбат
металдардан жасалған
мерейтойлық және ескерткіш
монеталарының көркем
фотокөрмесі**

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Hewlett-Packard компаниясының қолдауымен Қазақстанда алғаш рет “Тәуелсіз Қазақстанның монеталары” көркем фотокөрмесін өткізіп отыр. Экспозиция Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің холлына орналастырылған, онда Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ) Қазақстан Республикасының бірегей монеталарының 40 көркем фотосуреттерінің фрагменттерімен ең алғашқы болып танысуға мүмкіндік алады.

Hewlett-Packard компаниясы фотоэкспонаттарды басып шығару үшін өзінің құрал-жабдығы мен жұмсалатын материалдарын беріп, көрменің техникалық демеушісі болды.

Көрменің мақсаты Қазақстан рәмізінің ажырамас бөлігі ретінде монеталарды танымал ету болып табылады.

Ұлттық валюта шығарылған жылдардан бері тәуелсіз Қазақстанның монеталары кең танымал бола бастады. Он бір жыл бұрын, Қазақстан валютасы енгізілгенде ол өзінің тікелей функциясы – төлем құралы ретінде қызмет етуден басқа, Қазақстанның жаңа ақшасы мамандардың да, коллекционерлердің де және көркемдікті бағалаушы жай адамдардың да назарын аударатын объект болатынын ешкім болжай алмаған еді.

Қазақстанның алғашқы металл ақшасы 1994 жылы пайда болды. 1999 жылдан бастап Қазақстанда монеталар соғудың ең жоғарғы сапасы болып табылатын «proof» сапалы монеталар соғыла бастады. Бұл ең күрделі және қымбат технология. Осындай сапалы монеталардың беті айнадай жалтыраған тегіс болып келеді және онымен күңгірт рельеф астасып жатады, жазулар – айқын, ұсақ детальдарының өзін айқын айыруға болады.

ҚР Ұлттық Банкінің банкноталар мен монеталардың маркетингі, дизайны бөлімінің бастығы Виктор Ивженко Қазақстан валютасын алғаш жасаушылардың бірі. Осындай сіңірген еңбегі үшін ол «Құрмет» орденіне ие болды.

Арнайы дизайнерлік топ құрылды. Қазіргі кезде бұл шын мәнінде қалыптасқан ұжым екендігі айқын. Алексей Золотухин – монета дизайнында өз өнерін танытқан архитектор және дизайнер, графика бейнелеуші және мүсінші. Алматы Бәсенов, архитектор және дизайнер. Топта ол тұрақтылық пен көркемдік сапаның кепілі, көптеген өзіндік идеялардың авторы. Сергей Шкуропатов, инженер-технолог, оның жұмысындағы ең маңызды мәселе – барлық технологиялық процестерден тұратын айқын өзара байланысты қамтамасыз ету.

Өскемен қаласындағы Қазақстан Теңге сарайы мамандарымен шығармашылық одақ құрмай, Қазақстан монеталарын шығаруда осындай табысқа жету мүмкін емес еді. Әлемдегі алдыңғы қатарлы ядролық жылу өндірушілердің бірі – Үлбі металлургия зауыты қызметкерлерінің күш-жігерімен құрылған қазіргі Қазақстан Теңге сарайы Германиядан, Швейцариядан әкелінген ең жаңа құрал-жабдықты пайдалануға негізделген, ғылымды қажет ететін технологиялармен жабдықталған, ең бастысы онда аса жоғары білікті мамандар жұмыс істейді.

Алдыңғы қатарлы монета сарайларындағы сияқты жоғары «proof» сапалы алтын мен күмістен жасалған коллекциялық монеталар шығарылады. Сонымен бірге диаметрі 100 мм және салмағы бір килограмм «proof» сапалы күміс монета түріндегі бірегей бұйым шығару да игерілді.

Фотокөрмеге күмістен, алтыннан және нейзильберден жасалған: «Ертеде соғылған монеталар», «Көшпенділер алтыны», «Архитектуралық және тарихи ескерткіштер», «Қазақстанның Қызыл кітабы», «Қолданбалы өнер», «Спорт», «Көне Түркістан» және басқа монеталар серияларының фотосуреттері қойылған.

Кәсіби қаржыгерлердің, экономистердің, банк ісі мамандарының ауқымды тобының бірлескен жұмысы арқасында Қазақстан теңгесі әлемдік ақша қатарынан лайықты орнын алды және бұрынғы кеңестік кеңістігіндегі ең мықты және тұрақты валюталардың бірі болып табылады. Бұл табыста Қазақстан фотосуретшілері мен монета ісіне құлшыныс танытқан адамдардың да үлесі бар.

Бір айдың ішінде қазақстандық жас фотосуретші Дмитрий Подлипаев көрмеге қойылатын бірегей көркемдік және тарихи құндылығы бар монеталарды суретке үлкейтіп түсіру жұмысын атқарды.

Фотосуреттерді басып шығару үшін HP Photosmart 8453 принтері және HP Premium Plus Photo Paper Glossy фотоқағазы пайдаланылды.

HP Photosmart 8453 фотопринтері бейне аса жоғары сапада, суреттердің ұзақ мерзімді, желідегі жұмыстың қарапайымдылығы және желіге қосу тәсілін таңдау мүмкіндігі талап етілетіндіктен, кәсіби және әккі фотосуретшілерге арналған.

HP сортты фотоқағаз бәрінен жақсы, жоғары сапалы HP фотоқағазы бірнеше ондаған жылдар бойы төзімділігі жағынан оңып кетпейтін кәсіби сапалы фотосурет шығаруға мүмкіндік береді. Осы қағаздың жылтырлығы жоғары өңделуін және қалыңдығы мен тығыздығының тамаша көрсеткіштерін әдеттегі жай фотоқағаздың осындай қасиеттерімен салыстырып көруге болады.

HP құралдары неғұрлым қалың көпшілікке еліміздің мәдени және тарихи байлығына қол жеткізуді айтарлықтай жақсартып отырып, жаңа көркемдік перспективалар ашуға көмектеседі.